

Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі N 4 нормативтік қаулысы.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"253", "251", "252", "254", "255" деген цифрлар тиісінше "289", "287", "288", "290", "291" деген цифрлармен ауыстырылды;

"қылмыстардың", "қылмыстың", "қылмыстарды", "қылмыс" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылықтардың", "қылмыстық құқық бұзушылықтың", "қылмыстық құқық бұзушылықтарды", "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алу, алып жүру, сақтау жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз сақтау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесін талқылап, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы осы санаттағы істерді негізінен дұрыс шешетіндігін атап көрсетеді.

Осылармен қатар соттар бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың барынша қауіпті санатқа жататынын, қоғамдық қауіпсіздікке, ең алдымен құқығы мен мүддесі заңмен қорғалатын азаматтардың өміріне, денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретінін, ал өмірге қауіп төндіретін заттарды қылмыстық мақсатта пайдалану ауыр зардаптарға әкеп соқтыратынын әр кезде тиісті деңгейде ескере бермейді.

Осы санаттағы істер бойынша бірыңғай сот практикасын орнықтыру мақсатында Жоғарғы Соттың жалпы отырысы

Қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

1. Атыс қаруларын, оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды және жарылғыш заттарды ұрлауға, оларды заңсыз алуға, алып жүруге, сақтауға және өткізуге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғам қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіретінін ескере отырып, соттар қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу

мақсатында сот талқылауының деңгейін көтеруі, жазалану сөзсіздігінде атылғыш қаруды және оқ-дәрілерді, қару-жарақты және жарылғыш заттарды қолға түсірудің көздерін анықтауда, оларды тиісінше күзету мен өндірісте жасаудың деректерін және осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына жағдай тудыратын басқа себептер мен жағдайларды анықтап жоюда заңда белгіленген ықпалды шараларды қолдануы тиіс.

Соттар қызмет бабымен сеніп тапсырылған лауазымды адамдардың атыс қаруларын сақтауға немқұрайды қарауының, атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты және жарылғыш заттарды күзетсіз немесе орындардың қажетті жабдықсыз қалдырылуының, оларды беру, тасымалдау есебі тәртібінің бұзылуының, оларды дұрыс пайдаланбау мен қолданбаудың әрбір дерегіне жеке қаулылармен принципті түрде құлақ асып, әрбір нақты жәйт бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың болуына әрекетімен немесе әрекетсіздігімен жағдай тудырған лауазымды адамдарды жауапқа тарту жөніндегі мәселені талқылау қажет.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 289-бабында, 287, 288, 290, 291-баптарының тиісті бөліктерінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған адамның кінәсі туралы мәселені шешкен кезде кінәлі адамнан алынған осы немесе басқа заттарды ұрлағаны, алып жүргені, сақтағаны, алғаны, жасағаны, өткізгені және ұқыпсыз сақтағаны үшін аталған баптар бойынша жауаптылық белгіленген атыс қаруына, оқ-дәрілерге, қару-жараққа және жарылғыш заттарға жататынын анықтап алу қажет.

Әртүрлі нысаналар мен нысандарды талқандауға, бүлдіруге немесе жойып жіберуге арналатыны, сондай-ақ оларды жасаудың, алудың, пайдаланудың және сақтаудың ерекше тәртібі бұл заттардың айрықша белгілері болып табылады.

Мұндайда атыс қаруларын, оқ-дәрінің, қару-жарақтың және жарылғыш заттардың заводта шығарылатынын да, қолдан жасалатынын да ескеру қажет.

Аңшы мылтығынан шолақ мылтық жасап, оны көздеген мақсатқа соғыстық атыс қаруларын сапасына қарай бейімдеп алу, сондай-ақ оларды алу, алып жүру, сақтау, өткізу немесе ұрлау ҚК-нің 287, 288, 291-баптарының тиісті бөліктерінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы түзіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

3. ҚК-нің 289-бабын, 287, 288, 290, 291-баптарының тиісті бөліктерін қолдануға жататын атылғыш қарудың түрлеріне: автоматтар, карабиндер, винтовкалар, пистолеттер, пулеметтер және тірі немесе басқа нысананы жоюға сындарлы түрде

арналған басқа да құрылғылар мен заттар, сондай-ақ спорттық, оның ішінде олар іс жүзінде қандай мақсатқа қолданылатынына қарамастан, ату үшін оқ-дәрінің немесе өзге де зарядтың қуатын пайдаланатын ұсақ калибрлі, ойықты аңшы мылтықтары да жатады деп ұғынған жөн.

Соғыс зымырандарының атылатын бөліктері, бомбалар, миналар, реактивті снарядтар, артиллериялық, минометтік және гранат лақтырғыштық оқ ату, қол және реактивті гранаттар және олардың өртегіштері, атылатын қару патрондары, жарылғыш пакеттер, детонаторлар, дабыл, жарық беретін, имитациялық құралдар, басқа да бұйымдар, жарылғыш затпен оқталған және атылатын қарудан атуға арналған және жарылғыш заттармен жарақтандырылған, жинастырылған жарылғыш құралғылар оқ-дәрілер болып табылады.

Соттардың ату үшін қолдануға арналмаған пневматикалық мылтықтардың, белгі беру, старттық, құрылыс, газ пистолеттерінің, ракетницалардың, жарылғыш заттар мен имитациялық-пиротехникалық қоспалардың, жарық бергіш құралдардың ҚК-нің 289-бабында, 287, 288, 290, 291-баптарының тиісті бөліктерінде көрсетілгеніндей, оларды заңсыз сақтағаны, ұрлағаны, алғаны, жасағаны немесе өткізгені үшін жауапкершілік белгіленген атылғыш қаруға, оқ-дәріге, жарылғыш заттарға жатпайтынын ескергені жөн.

Заңның мәні бойынша ҚК-нің 287-бабының тиісті бөліктерінде көрсетілгеніндей, тегіс оқпанды аңшы қаруына арналған оқ-дәріні алып жүру, сақтау, сатып алып, жасау немесе өткізу қылмыстық құқық бұзушылық құрамын түзбейді.

Оқ-дәрілерді, тротилді, нитроглицеринді, пироксилинді, аммоналды, жарылатын басқа да химиялық заттарды және жарылғыштық қасиетке ие олардың алуға және сақтауға арнайы рұқсат талап етілетін қоспаларын - жарылғыш заттар деп білген жөн.

Қару-жараққа нысананы құртатын штатты құралдары бар, миналандыратын және минаяндандыратын және оларды тікелей мақсатқа қолдануды қамтамасыз ететін, жерге, теңізге, өзенге орналастырылған соғыс техникасы жатады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 5, 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

4. Соттар ҚК-нің 287, 291-баптарының тиісті бөліктері бойынша жауапкершіліктің пайдалануға жарамды қаруды, оқ-дәріні, қару-жарақты, жарылғыш заттарды ұрлағанда, алып жүргенде, сақтағанда, алғанда немесе өткізгенде, сондай-ақ жарамсыз немесе үйрену қаруын жарамды жағдайда жеткізетін мүмкіндігі болғанда туындайтынын еске алғаны жөн.

Егер айыпты пайдалануға жарамсыз атыс қаруларын немесе оқ-дәріні, қару-жарақты, жарылғыш заттарды ұрлап, оның сапасына орай қателесіп, жарамды деп тапса онда бұл әрекетті осы заттарды ұрлауға әрекет жасады деп саралау қажет.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5
Нормативтік қаулысымен.**

5. Атыс қаруларын немесе оқ-дәрілерді, қару-жарақты қолға түсіру мақсатымен өз мақсатында қолданылатын атыс қаруы немесе оқ-дәрі, қару-жарак, жарылғыш заттар үшін жиыстырып алуға жарамды олардың құрамдас бөліктері мен бөлшектері ұрланған жағдайда, әрекет ҚК-нің 291-бабының тиісті бөліктері аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сараланады. Мұндайда қосымша қажетті жарақсыз және жұмыссыз-ақ атуға болатын (мысалы, шаппалы-шүріппелі механизмі бар мылтық ұңғысы) жиынтықты бөлшектердің жеткілікті комплектісін, ал оларды тікелей мақсатқа пайдалануға мүмкіндік беретін жиынтықты оқ-дәрілер мен жарылғыш заттардың жеткілікті құрамдас бөлігі деп түсіну керек.

Қаруды атуға жарамды етіп құрастырып алу үшін атыс қаруларын құрамдас кейбір бөліктері мен бөлшектерін ұрлауды және жетіспейтін басқа бөлшектерін жасауды, бөтеннің мүлкін ұрлаудың және қаруды заңсыз жасаудың жиынтығы деп саралау қажет

Айыптының атылғыш қаруды жасауға, пайдалануға деген ниетін айғақтайтын мәліметтер жоқ болса, жекелеген бөлшектерді сақтауы қылмыстық құқық бұзушылық құрамын түзбейді.

Жарылғыш заттарды түзетін оқ-дәрілердің құрамдас бөліктері мен бөлшектерін ұрлауды (өртегіштер, детонаторлар, жарғыштар, жарғышы жоқ гранаталар және т.б.) жарылғыш заттарды толық ұрлаған ретінде ҚК-нің 291-бабының тиісті бөліктері бойынша саралау керек.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5
нормативтік қаулысымен; орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін
өзгермейді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

6. Қылмыстық жауапкершілікке соқтыратын қаруды, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды жасау деп оларды жасауды немесе талқандау қасиетін қайта қалпына келтіруді, сондай-ақ нәтижесінде атыс қаруы қасиетіне ие болатын қандай да бір затты (мысалы, ракетницаны, старт және құрылыс пистолеттерін, тұрмыстық мақсаттағы заттарды) қайта жасауды түсіну керек.

7. Айыптының ұрлаған, заңсыз алып жүрген, сақтаған, сатып алған немесе жасаған, өткізген атыс қаруына, оқ-дәріге, қару-жараққа немесе жарылғыш заттары бар бұйымдарға жататындығы жөніндегі мәселені шешу үшін арнайы тану керек болса, сарапшының немесе маманның қорытындысын алу қажет.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Заңсыз қолға түсіріп, кез-келген тәсілмен айыптының ұрланған заттарды сіңіргісі немесе басқа адамға бергісі келсе, яғни өз білгені бойынша иеленгісі келсе, атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау деп түсіну керек.

Егер адам атыс қаруын ұрладым деп ұғынбай, бөтеннің мүлкін ұрласа (мысалы, атыс қаруы сақталған сейфті ұрлау), онда адам одан әрі иелену, пайдалану мақсатында қаруды өзінде қалдырған жағдайда, оның әрекеті атыс қаруын ұрлау болып сараланады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Мемлекеттік мекемелерден немесе қоғамдық, кооперативтік- коммерциялық ұйымдардан, сол сияқты заңды және заңсыз иеленген жеке адамдардан атыс қаруын, оқ-дәрі, қару-жарақ немесе жарылғыш заттар ұрлаған жағдайда, ҚК-нің 291-бабының тиісті бөліктері бойынша қылмыстық жауапкершілік туындайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5 Нормативтік қаулысымен.

10. Бұрын басқа мүлік ұрлаған болса, ҚК-тің 291-бабының үшінші бөлігінің 2-тармағында көрсетілгендей, бірнеше мәрте жасалу белгісін түзбейді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 5, 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

11. Күзетуге сеніп тапсырылған атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлаудың саралану белгісі ретінде оларды қоймадан немесе сақтауда тұрған жерден тек қорғау-күзету міндетін атқарушының ғана емес, сондай-ақ қызмет бабымен қарауына берілген материалдық жауапты лауазымды адамның да ұрлауын түсіну керек.

Күзетіп тұрған объекіден өзіне күзетуге сеніп тапсырылған атыс қаруы, оқ-дәрі, қару-жарақ немесе жарылғыш заттарды, әскери қарауыл құрамындағы адамдар ұрласа, бұл адамдардың әрекеті қарауыл қызметінің жарғылық ережесін бұзушы, сөйтіп зиянды зардаптарға соқтырушы ретінде ҚК-нің 290-бабының бірінші бөлігімен қоса, ҚК-нің 446-бабының бірінші бөлігі бойынша сараланады.

Қызмет бабын пайдаланып атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты, немесе жарылғыш заттарды ұрлаудың саралану белгісі ретінде осы бұйымдарға бақылау, қадағалау, есебін тексеру, сақтау, пайдалану және жұмсау билігі өкілеттігі берілген лауазымды адамдардың ұрлауын түсіну керек.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

12. Айыптының шабуыл жасап атылғыш қаруды, оқ-дәріні, қару-жарақты, немесе жарылғыш заттарды ұрлау әрекетін оны қолға түсіру үшін шабуыл жасаған сәтінен бастап аяқталды деп есептеу керек.

13. (Ескерту. 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5 Нормативтік қаулысымен).

14. Заңсыз алып жүрген, сақтаған, қолда ұсталған, жасалған немесе өткізілген атылғыш қарудың, оқ-дәрінің, қару-жарақтың және жарылғыш заттардың дара қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайтынын ескере отырып, аталған заттарды ұрлау және оларды одан әрі алып жүру, сақтау, қолда ұстау, жасау және өткізу ҚК-нің 287, 291-бабының тиісті бөліктерінде көрсетілген қылмыстар жиынтығы ретінде түзіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5 Нормативтік қаулысымен.

15. Басқа қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатымен атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, сондай-ақ оларды алып жүру, сақтау, алу және әзірлеу әрекеті екінші бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға оқталу және атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты аяқталған ұрлау және жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу немесе әзірлену ретінде саралануы тиіс.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Айыптының қолындағы заңсыз атылғыш қару ұқыпсыз сақталса, егер оның өзі басқа біреудің пайдалануымен адам өліміне немесе ауыр зардаптарға соқтырса, ол ҚК-нің 287-бабының бірінші бөлігіне жатады және оны ҚК-нің 289-бабы бойынша қосымша саралаудың қажеті жоқ.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

16-1. Соттар ҚК-нің 287-бабына Ескертуде көзделген өз еркімен қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын тапсыруды Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 254-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларда осы заттарды тінту алдында ерікті түрде беруден ажыратқаны жөн.

ҚПК-нің 254-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларда тінту алдында осы заттарды ерікті түрде беру өз еркімен тапсыру болып табылмайды және ҚК-нің 287-бабына Ескертудің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатуға әкеп соқпайды, бірақ сот ҚК-нің 53-бабы екінші бөлігінің негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде тануы мүмкін.

Егер тінту жүргізу кезінде адам тінтілетін жерден тыс жерде (басқа аумақта, өзге адамдарда және т.б.) сақталған оның өзі көрсетпейінше табу мүмкін болмайтын ҚК-нің 287-бабында көзделген қару мен өзге де заттардың өзінде бар екендігін мәлімдесе, онда аталған әрекеттер ерікті түрде тапсыру деп танылады және адам ҚК-нің 287-бабына Ескертуге сәйкес осы бап бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Тінту процесінде бастапқы заттар табылмаған жағдайда, бірақ тінту аяқталғаннан кейін адам тінту кезінде табылмаған осы заттардың тұрған жерін көрсетсе және олар кейін сол жерден алынса, онда адамның мұндай әрекеттерін де ерікті түрде тапсыру деп тану қажет.

Заттарды ерікті түрде беру және ерікті түрде тапсыру туралы жоғарыда аталған түсіндірмелер жеке тінтуді, алу мен қарап-тексеруді жүргізу жағдайларына да қолданылады.

Ескерту. Нормативтік қаулы 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

17. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесіне баға бергенде және жаза шараларын анықтағанда, айыптының әрекетінің мақсаты мен себептерін, ұрланған атыс қаруы, оқ-дәрінің, қару-жарақ пен жарылғыш заттардың алынған жерін, қолға түсірудің тәсілдерін, түрін, санын, атылу қасиеті мен құнын ескеру қажет.

Атыс қаруы, оқ-дәрі, қару-жарақ немесе жарылғыш заттарды төтенше жағдай, төтенше ахуал, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер кезінде ұрлағаны үшін жаза тағайындағанда, соттар ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 11-тармағына сәйкес аталған жағдайларға жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар деп қарауға тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

18. Бұл санаттағы істерді қарағанда сот айыптының мүліктерді қылмыстық жолмен тапқан қаржыға сатып алынған ба, анықтап, үкімде оны көрсетуі керек.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 5 нормативтік қаулысымен.

19. Осы санаттағы істер бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың қарулары және (немесе) құралдары және заттай дәлелдемелер деп танылған қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға тиесілі автомобильдерді, мотоциклдерді және өзге де көлік құралдарын ҚПК-нің 118-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағының талаптарына сәйкес сот ҚК-нің 48-бабының негізінде мемлекеттің меншігіне тәркілеуге тиіс.

Заңсыз сатылып алынған, ұрланған, басқа адамдардың меншігіне берілген атыс қаруы, оқ-дәрілер, қару-жарақ пен жарылғыш заттар ҚК-нің 48-бабы 2-бөлігінің 1) тармағына сәйкес тәркілеуге жатады. Қалған жағдайларда олар заттай дәлелдемелер ретінде олардың жарамдылығын және құндылығын анықтау кезінде қайтадан

пайдалану мәселесін шешу үшін не жою үшін ішкі істер органдарының мамандандырылған құрылымдарына беріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.12.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

20. Осы қаулының қабылдануына байланысты СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1974-жылғы 20-қыркүйектегі "Атыс қаруларын, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау, қаруды, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу, жасау немесе өткізу және атыс қаруын ұқыпсыз сақтау істері жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 7 Қаулысы, Пленумның 1991-жылғы 29-наурыздағы СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1974-жылғы 20-қыркүйектегі "Атыс қаруларын, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау, қаруды, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу, жасау немесе өткізу және атыс қаруын ұқыпсыз сақтау істері жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 2 Қаулысы енгізген өзгертулермен және толықтыруларымен қоса күшін жойды деп танылсын.

21. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Нормативтік қаулы 21-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).